

Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының құрамына кіретін акционерлік қоғамдар базасында бірыңғай тау-кен-металлургиялық компания құру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 ақпандағы N 22-ө
Өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының құрамына кіретін акционерлік
қоғамдар базасында бірыңғай тау-кен-металлургиялық компания (бұдан әрі -
компания) құру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:
Школьник - Қазақстан Республикасының Индустрия
Владимир Сергеевич және сауда министрі, жетекші
Баталов - Қазақстан Республикасының Индустрия
Асқар Болатұлы және сауда вице-министрі, жетекшінің
орынбасары
Құлсейтов - Қазақстан Республикасы Индустрия және
Айдын Жеңісұлы сауда министрлігі Индустриялық-
инновациялық дамыту департаментінің
басқарма бастығы, хатшы
Құсаинов - Қазақстан Республикасының Экономика
Марат Әбсеметұлы және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Смайылов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Алихан Асханұлы вице-министрі
Нефедов - Қазақстан Республикасы Табиғи
Алексей Петрович монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының орынбасары
Рахметов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Нұрлан Құсайынұлы министрлігі Салық комитетінің төрағасы
Өтепов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Эдуард Карлович министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы
Әзімова - Қазақстан Республикасы Әділет
Эльвира Әбілқасымқызы министрлігі Заңға тәуелді кесімдер
департаментінің директоры

Зәуірбекова - Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының
Зәуре Ғалымқызы экономика және қаржы вице-президенті
(келісім бойынша)

Макаров - Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының
Александр Игорьевич құқықтық мәселелер жөніндегі вице-
президенті (келісім бойынша).

2. Жұмыс тобы бір апта мерзімде компанияны құру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын (бұдан әрі - жоспар жобасы), сондай-ақ мыналар:

1) компанияны құру тетігі (ұйымдастыру құрылымы);

2) компанияны құру кезінде мемлекеттің мүдделерін сақтау;

3) компанияның салық салу мәселелері;

4) компанияны құруға қатысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар
ө з і р л е с і н .

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жоғарыда аталған жоспар жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і н е е н г і з с і н .

4. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен орталық, жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге де ұйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін.

Премьер-Министр